

# Ақша базасы

- **Ақша базасы** — орталық банктің бақылауында болатын елдегі ақша ұсынысының бір бөлігі және *міндеттемелерге жататын резервтік және бастапқы ақшаларды білдіреді.*



- Қазақстан Республикасында Ұлттық Банктің 12.01.1995 жылы Директорлар кеңесінің № 2 хаттамасымен бекітілген *«Ақша базасын анықтау әдісі және ішкі және сыртқы активтерді анықтау барысында баланстық шоттарды жіктеу туралы ережесіне»* сәйкес ақша базасы есептеледі.

- ҚҰБ-нің соңғы жылдардағы есептеулеріне байланысты, ақша базасы (резервтік ақша) мыналардан тұрады:
- ҚҰБ-нің айналымға шығарған қолма-қол ақшаларынан (ҚҰБ-нің кассасындағы қолма-қол ақшаларды коспағандағы немесе Ұлттық Банктен тыс қолмақол ақшалардан);
- ЕДБ-дің аудармалы және басқа депозиттерінен; банктік емес қаржылық ұйымдардың аудармалы депозиттерінен;
- ҚҰБ-гі мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардың теңгедегі ағымдағы шоттарынан.



- Ақша базасы- банк секторының депозиттік қондырмасының негізі секілді қызмет атқарады. Ол коммерциялық банктердің өтімділігін реттеудің негізгі тетігі болып табылады.
- Ақша аумағының кеңеюі мен оның құнсыздануы және инфляцияның күш алуына Үкімет Ұлттық банкті, ол өз кезегінде коммерциялық банктерді жазғырып жатады. Шын мәнінде, мұндай жағдайдың орын алуын ең алдымен ақша ұсынысының шектен тыс көп болуынан іздестіру керек секілді. Жалпы, экономикада ақшаны екі арна арқылы ұсынады. Оның біреуі – мемлекет, екіншісі – коммерциялық банктер. Мемлекет атынан орталық банктің ақша ұсынуы, біріншіден, қолма-қол ақша эмиссиясы, екіншіден, коммерциялық банктер үшін басы артық ақша қорын құрып беру арқылы жүзеге асырылуда.

- Қазақстанда ақша массасының дербес компоненттеріне ақша базасы жатады. Іс жүзінде «резервтік ақшаны» ақша базасы деп атау қабылданған. Ақша базасы міндетті резервтік ақша және айналымдағы қолма-қол ақшадан тұрады. Оның осы аталған компоненттері банк секторы депозиттерін жартылай резервтік жабу жағдайында абсолютті түрде әр бағыттағы факторлармен басқарылады. Мысалы, міндетті резервтік ақшаның көлемі Ұлттық банктің бекіткен мөлшерден, ал басы артық резервтік ақша коммерциялық банктердің клиенттерден түсетін қолма-қол ақша өтімділігі өз басқаруына қалауынша байланысты болады. Коммерциялық банктердің Ұлттық банктің резервтік ақшасынан тәуелсіз болуы, басы артық ақша резервін көбейтіп, Қазақстан банк секторындағы сырттан қарызға алынатын жаңа депозиттерге деген тәуелділікті күшейтіп отыр. Ақша базасын іс жүзінде кейде «қуат ақшасы» деп те атайды

- Ақша базасы мен ақша ұсынысы арасындағы байланыс, яғни экономикадағы ақша массасының өзгеруі ақшалы мультипликаторға байланысты болады. Қазақстандағы оның мәні 2,5-ті, яғни жаңа депозиттің 1 теңгесі банк секторында депозиттік-несие экспансиясы процесінде 2,5 есеге өсіп кетеді. Ал ІЖӨ жылына 1,08 есе ғана өседі.
- Осы айтылғандарды түйіндей келе, мен мынадай қорытынды шығаруға болады:
- ҚР Ұлттық банкінің ақша ұсынысын реттеудегі рөлі әлсірей бастады.
- Банк секторындағы сырттан қарыз алу есебінен жаңа депозиттердің пайда болуы коммерциялық банктерді Ұлттық банк резервтеріне тәуелсіз ете бастады.
- Көп валюталы ақша жүйесінде ақша-несиенің дәстүрлі реттеу құралдары ақша ұсынысын реттеу бойынша индикативті мәнін жоғалтады.
- Бұл әсіресе ақша бірлігі халықаралық резервтік валюта функциясын атқара алмайтын елдерге қатысты.
- Инфляция көбіне ақшаға деген сұраныстан ақша ұсынысының басым болуына байланысты туындайды.
- Ақша базасын құру бойынша эмиссиялық бастама коммерциялық банктерге қарай ойысуда.